

сенімді арттыру қажет. Соның арқасында инновациялық шешімдер қабылданып, құрылыс және де басқа салалардың дамуына алып келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Koschatzky, Knut (2017) : A theoretical view on public-private partnerships in research and innovation in Germany, Arbeitspapiere Unternehmen und Region, No. R2/2017, Fraunhofer ISI, Karlsruhe
2. <https://www.daad.org/en/ppp/>
3. <https://tradingeconomics.com/germany/composite-pmi>
4. <https://www.legal500.com/c/germany/public-sector/ppp/?edition=2019-edition>
5. Alfred Bullesbach (Hrsg.), StaatimWandel: mehrDienstleistung - wenigerVerwaltung; Eichhom/Budaus, Public Private Partnership - NeueFormenoffentlicherAufgabenerfullung.
6. Jacob D, Stuhr C. Finanzierung und Bilanzierung in der Bauwirtschaft, 2nd edn. - Springer Vieweg, Wiesbaden, Germany, 2013.

ӘОЖ 332.13

ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПкерліктің ИНФРАқұрылымы

Исақ Сабина Нұркенқызы

issakovas1@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, экономика факультеті,
«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы 3курс студенті
Ғылыми жетекші - Б. Исабеков

Аңдатпа

Мақалада инновациялық кәсіпкерліктің еліміздегі маңыздылығы талқыланды. Кәсіпкерліктің маңыздылығын ескере отырып, кәсіпкерлікті қолдау тетіктері немесе инфрақұрылым тақырыбы мемлекеттік және жеке ұйымдар үшін үлкен қызығушылық тудырады. Көптеген құрылымдар мен тетіктерге талдау жүргізудің бірнеше деңгейлері, соның ішінде халықтар, аймақтар, қалалар, тіпті университеттер енгізілді. Саясат және экономикалық жұмыс инфрақұрылымды зерттеді, өйткені ол экономикалық қызметпен кеңірек байланысты, кәсіпкерлікке онша көңіл бөлінбейді. Бұл мақалада кәсіпкерлік пен инфрақұрылымға қатысты жаңа зерттеулер талданған, жаңа кәсіпорындар құруды қолдау және кәсіпкерлік табыстарды қолдау тұрғысынан. Мақала әлеуметтік жүйелер перспективасын негіз ретінде қолдана отырып, кәсіпкерліктің инфрақұрылымының үш негізгі категориясын сипаттаудан басталады: ресурстардың қорлары, институционалдық келісімдер және меншікті функцияларды қолдау. Осы негізге кәсіпкерліктің, кәсіпкерліктің экожүйелерінің, инновациялық жүйелердің және ресурстарға тәуелділіктің әдебиеттеріне негізделген жұмыс кіреді. Содан кейін мақалада инновациялық кәсіпкерліктің дамуының негізгі ерекшеліктері талқыланып, ондағы тұжырымдамасы ашылады. Инновациялық кәсіпкерліктің орны елдің тиімді әлеуметтік-экономикалық алға басуының басты ,сыртқы және ішкі нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін қамтитын негізгі стратегиялық факторларының бірі болып анықталды.

Тірек сөздер: инновация, кәсіпкерлік, инфрақұрылым, технопарактер, венчурлық қорлар, бәсекеге қабілеттілік, қолдау, бизнес-инкубатор.

Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту аясында мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуы үшін әкімшілік қасында құрамына кәсіпкерлік бөлімдері кіретін «Кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті»(Басқарма) құрылды. Басқарма шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыруда өзінің күзіреттілігі шегінде өкілетті.

Кәсіпкерлік ортаның инициативаларын жүзеге асыру үшін қолайлы атмосфера жасау мақсатында Кәсіпкерлік ісімен айналысатын Әкімшілік аппараты Комиссиясы жанында жергілікті органдарды құру арқылы кәсіпкерлермен «кері байланыс» ұйымдастыру схемасы дайындалды.

Олардың функцияларына:

- шағын және орта бизнес дамуына бөлет болатын мәселелерді зерттеу;
- жергілікті және аумақтық атқарушы билік үшін ұсыныстар дайындау кіреді.

Орталық атқарушы орган деңгейінде кәсіпкерлермен осындай «кері байланыс» ұйымдастыру үшін ҚР Президенті жанында Кәсіпкерлер кеңесі құрылған.

Кеңестің негізгі міндеттері мыналар:

- кәсіпкерлікті қолдау және дамытуға бағытталған ұсыныстарды дайындау;
- нарықтық экономика дамуын ынталандыратын жағдайлар жасау;
- ҚР әрекет ететін іскер топтар, кәсіпкерлер ассоциациясы мен одағы консолидациясы;
- кәсіпкерлік саласындағы маңызды мемлекеттік мәселелерді шешу үшін ұсыныстар тағайындау.

Кәсіпкерлік саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және орындау қызметтерінен басқа, мемлекет пен кәсіпкерлікті материалды-техникалық, ақпараттық-аналитикалық және қаржылық қолдау көрсетіледі. Бұл қолдаудың барлық формалары мемлекет пен атқарушы органдар көмегімен жергілікті және аумақтық деңгейде қабылданатын әртүрлі бағдарламалар арқылы жүргізілсе, сондай-ақ ұйымның мемлекеттік капиталы қатысуына жасалған арнайы бағдарламалар арқылы да жүреді. Аталған функцияларды орындайтын ұйымдарға келесі мемлекеттік компаниялар жатады:

1. «Инжиниринг және технология трансферті орталығы» АҚ; Орталықтың негізгі мақсаты жаңа технологиялар трансфертін ұйымдастыру, сонымен қатар, республикадағы инновациялық қызметті активизациялау арқылы Қазақстан экономикасының нақты секторындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру болып табылады.
2. «Маркетингті-аналитикалық зерттеулер орталығы» АҚ мемлекеттік саясатты құру және кәсіпкерлікті дамыту саласында Үкіметке ақпаратты -аналитикалық көмек көрсетеді.
3. «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ несие беру арқылы шағын және орта кәсіпкерлікке қаржылай қолдауды жүзеге асырады.
4. «Ұлттық инновациялық қор» инвестиция тарту және жобаларды қаржыландыру арқылы инновациялық кәсіпкерлік ынталарға қаржылық қолдау көрсетеді.
5. «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ – заманауи және озық технологияларды қолдану арқылы шикізат пен материалдардың тереңдетілген өндірісін жүргізетін кәсіпорындардың жарғылық капиталына инвестициялау жолы арқылы қаржылық қолдау көрсетеді.
6. «Қазақстан Даму Банкі» АҚ – қаржылық қолдау.
7. Технопарктер, бизнес-инкубаторлар, өнеркәсіптік аймақтар – кәсіпорынның құрылуы және даму сатысында материалды-техникалық қолдау. Технопарктер – бұл жоғарғы оқу орындары базасында немесе ғылыми-зерттеу институттары базасы негізінде құрылатын, осы жоғарғы оқу орындарының ғылыми әлеуеті мен технопарк аумағында шағын инновациялық кәсіпорындарды орналастырудан дамытатын және құру арқылы жасалған технологияларды коммерциализациясы мақсатында құрылған құрылымдар. Технопарктерді құрудың негізгі мақсаты ғылыми зерттеулер мен дайындамалардың тиімді қолданылуын қамтамасыздандыратын инновациялық қызмет субъектілерін құру болып табылады.

Мемлекеттен технопарктер алдына қойылған міндеттері арасында негізгілері мыналар:

- отандық және дүниежүзілік ғылыми -техникалық прогрестің озық нәтижелерін өндіріске енгізу;
- ғылыми-техникалық зерттеулер мен инновациялық өндірісті инвестициялау;
- инновациялық кәсіпкерлікті құру және дамытуда материалды-техникалық көмек көрсету.

Ұлттық технопарктердің ерекше өзгешеліктері жеңілдетілген салық режиміндегі Арнайы экономикалық аймақтың болуы.

- Ұлттық ғылыми-технологиялық парктерге: Ақпараттық технологиялар паркі (Алатау елді-мекені), Ұлттық индустриалдық мұнай химиялық паркі (Атырау қ.), «Токамак» ядролық

технологиялар паркі (Курчатов қ.), космостық мониторинг технопаркі (Алматы, Астана және Приозерск қалалары) кіреді.

- Аймақтық технопарктер: Алматы технология паркі (Алматы қ.), «Алгоритм» технопаркі (Орал қ.), «Бизнес-Сити» технопаркі (Қарағанды қ.) аймақтың инновациялық қабілетін анықтау, ашу және дамыту, аймақтық экономикасын инновациялық өнімдерге қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Технопарктердің аймақтық деңгейдегі құрама бөлшектері сол аймақтың өнеркәсіпті кәсіпорындары, ғылыми және академиялық ұйымдар болып табылады. Аймақтық технопарктер экономиканың технологиялық деңгейінің кезең-кезеңмен көтерілуін қамтамасыз ете отырып, шағын және орта ғылыми сиымды және технологиялық бизнестерге қолайлы жағдай жасайды.

Отандық технопарктерге жетекші жоғарғы оқу орындары мен ғылыми-зерттемелік институттарды жұмысқа қызықтыру арқылы ірі кәсіпорындар территориясында орналасу сипаты тән. Осылайша, үш технопарк ЖОО:

- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
- Қ.И. Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ;
- Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ ЖОО аумағында орналасқан.

Ал қалғандары өзінің қызметін өнеркәсіптік кәсіпорындар және ғылыми орталықтар аумағында іске асырады.


Дүниежүзіндегідей, Қазақстанның да технопарктерінің көп бөлігі ірі қалаларда немесе өнеркәсіптік орталықтарында орналасады. Технопарктердің 60%-ға жуығы Алматы, Астана, Атырау және Қарағанды сияқты ірі қалаларда болса, ал қалғандары орта және шағын (Өскемен, Орал және Степногорск) қалаларда орналасқан.

Бизнес-инкубаторлар – кәсіпкерлерге қажетті консультациялар мен қолдау көрсететін бизнеске көмек бағдарламасы. Әдетте бизнес-инкубаторлар бірнеше бастамашы фирмалар орналасқан арнайы ғимаратта орналасады. Олар тек қана орынды және жабдықтарды бірлесе қолдана қоймай, бизнестің әртүрлі бағыттарына байланысты кеңестер мен қоса бизнес-инкубаторлар көрсететін барлық қызметтеріне мүмкіндік алады. Кейбір қызметтердің құны жалға алу құнына қосылып кету мүмкін, ал басқа қызмет түрлері әлдеқандай төмен бағаға көрсетіледі. Бизнес-инкубаторларды құрудың негізгі мақсаты қайтадан құрылған кәсіпорындар тәжірибе жинап және одан әрі өсу үшін көмек алу, нарықтағы ұстанымын нығайту сияқты кеңестерді алып, жаңа кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасаушаралары болып табылады. Кәсіпорын белгілі бір даму деңгейіне жеткенде, әдетте бұл үшінші жылдан кейін, фирма бизнес-инкубатордан шығып, өзінше өмір сүруді бастайды, бірақ алғашқы фирмаларда болатындай банкротқа ұшырамауға мүмкіндік беретін айтарлықтай тәжірибесі мен әлеуеті болады. Ал босаған орындарға бизнесті басынан бастап жатқан фирмалар келеді.

Қазақстандық инкубаторлардың бір бөлігі өзіне бизнес-инкубаторларды, яғни, белгілі бір шектеулі уақытта (2 ден 5 жылғадейін) қайтадан құрылған шағын кәсіпорындар жалдайтын ғимаратты қосады. Осы уақыт ішінде фирма жұмысы жанданып, технопарк (әлемде 88% технопарктер бір немесе бірнеше бизнес-инкубаторлардан құралады) шегінен шығуы керек. Мысалы, АҚШ Бизнес-инкубаторлар ұлттық ассоциациясы деректері бойынша, қалыпты жағдайдағы табысты компания мен банкрот-компаниялар қатынасы 20:80 құрайды, ал бизнес-инкубаторларда, керісінше, – 80:20.

1-суретке сәйкес, Қазақстанда инкубаторлардың негізгі клиенттер іболып, өндіріспен айналысатын (азық-түлікөнімдері, киімтігу, жиһазөндірісі, қолөнеркәсібі және кәде сый өндірісі) және қызмет көрсету саласында (білім беру саласында, консалтинг және құрылыстық жөндеу жұмыстары және бизнес-инкубаторлардың тек 2% клиенті ғана технологиялық бизнеспен айналысады) жұмыс жасайтын компаниялар табылады, ал бизнес-инкубатор өз кезегінде жоғарғы технологиялы компанияларды алғашқы кезеңнен, идеяның пайда болуынан бастап «өсіруге» тиісті сауда қызметтер технологиялар өндіріс.

1-сурет – ҚР бизнес-инкубаторларындағы кәсіпорындар қызметінің түрі бойынша құрылымдық бөлігі, %



Өнеркәсіптік аймақ бірыңғай өндірістік территорияда көптеген шағын жеке кәсіпорындар орналасып, жұмыс істейтін объект болып табылады. Өнеркәсіптік аймақтың негізгі мақсаты – отандық тауар өндіруші және шағын кәсіпкерлікті дамыту, әсіресе, қызметінің бастапқы кезеңінде кәсіпкерлерге қолдау және көмек көрсетуді активизациялау.

Өнеркәсіптік аймақ аумағында әрбіреуі өз орнын алып және сол жерде өндіріс құратын жеке шағын кәсіпорындар болады. Әр түрлі шағын кәсіпорындардың бір Өнеркәсіптік аймақта орналасудың тек қана бір шарты бар, ол солардың салалық және технологиялық үйлесімділігі. Өнеркәсіптік аймақтың бүкіл кешенінің дұрыс әрекет етілуіне арнайы орган – жалға беретін орынды ұсынғаннан бөлек басқа да әкімшілік және бизнесті жүргізу сияқты қызметтерді көрсететін басқарушы компания жауап береді.

Осылайша, Қазақстанда инновациялық инфрақұрылымның дамуы айтарлықтай белсенді дамып келе жатыр деуге болады. Әрекет етуші технопарктер жүйесі инновация нарығының құрылуымен айналысса, дәл солай, авторлық құқықты қорғаумен айналысады, сонымен қатар, инвестициялық жобалардың жүзеге асуына жағдай жасайды.

Қалыптасып келе жатқан инновациялық инфрақұрылым инновация дамуының дұрыс үрдістің құрылуына түрткі болады. Сонымен бірге, статистикалық деректерге сәйкес, елдің өнеркәсіптік кәсіпорындарындағы инновациялық қызмет әлі күнге дейін төменгі деңгейде. 2009 жылы 10 096 кәсіпорындар ішіндегі тек 399 шаруашылық етуші субъекттерде технологиялық инновация болған (2008 жылы – 447 кәсіпорын). Отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі 2009 жылы, 2008 жылдағыдай 4% құрады. Салыстырсақ: АҚШ инновациялық белсенді кәсіпорындар үлесі 50%, Түркияда – 33, Венгрияда – 47, Эстонияда – 36, Ресейде – 9,1%.

Сонымен қатар Қазақстанда 2009 жылы 2008 жылмен салыстырғанда инновациялық өнім көлемі 26% төмендеп, 82 597,4 млн. теңгені құрады. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың инновациялық өнімдері ішінде салыстырмалы салмақты қайта кіргізілген немесе елеулі технологиялық өзгерістерді қажет ететін өнім (88,9%) алды, ал жақсаруға мұқтаж өнімдер 9,2% құрады. Аяқталған инновациясы бар кәсіпорынның инновациялық қызметінің негізгі түрлеріне жаңа технологияны, құралдарды, материалдарда енгізу (51,2%), ғылыми-зерттемелік қызмет (3,1%), ғылыми-техникалық бағдарламаларға қатысу (2%) жатады.

2009 жылы технологиялық инновацияға капиталдық және ағымдық шығындар 61 050,9 млн. теңгені құрады (2008 жылы – 113 460,1 млн. теңге). Сонымен қатар, технологиялық инновациямен байланысты машина және құрал-жабдықтарды сатып алу шығындары 78,2%; өндірістік үдерістің, жаңа өнімін зерттеуге және дайындауға кеткен шығындар – 15,7%; жаңа технологияны алу шығындары – 2,1%. Демек, қалыптасқан жағдай өндірістік дамыған елдерден инновациялық тәуелділік үрдісін күшейтуді куәлік етеді.

Инновациялық жобаларды инвестициялаудың негізгі бөлігі кәсіпорынның өз қаражатынан жүргізілді (88,6%). Қалған қаржыландыру республикалық бюджет (8,1%) және шетел инвесторлары (1,6%) 90 есебінен жүзеге асты. Аяқталған технологиялық инновациялық қызметі бар кәсіпорындардың көп бөлігі Алматы қаласында (37,9%), Қарағанды (16,7%), Шығыс-Қазақстан (6,8%) және Ақтөбе (5,5%) облыстарында орналасқан.

Соңғы уақытта бизнес-қауымдастықтың инновациялық қызметке қызығушылығы артып келе жатыр. 2011 жылы Қазақстанда инновация түріндегі 350 жаңа кәсіпорындар ашылды. Жалпы көлемі 57 млрд. АҚШ долл. құрайтын 469 инвестициялық жобалар жүзеге асты. Сонымен бірге, технологиялық бизнес-инкубаторлау жұмысы іске қосылды. Елімізде әрекет етуші кәсіпорындардың технологиялық деңгейін жақсарту міндеті жүзеге асып жатыр. Мысалы, үш негізгі салалық конструкторлық бюро құрылды («Транспорттық машина құру конструкторлық бюросы» ЖШС, «Тау-металлургиялық құрылғылар конструкторлық бюросы» ЖШС, «Мұнай-газ құрылғылары конструкторлық бюросы» ЖШС). Алғашқы рет республикамызда озық технологиялар трансферті құралдары енгізіліп басталды – Франция мен Кореядан технология трасфертінің 2 халықаралық орталығы құрылды. 2011 жылдың нәтижесі бойынша республикадағы инновациялық белсенді кәсіпорындар саны, жалпы кәсіпорындар санынан 5,7% дейін өсті; инновациялық өнім көлемі 65,9%, зерттеулер мен өңдеу жұмыстарына кеткен ішкі шығындар – 29,5% өсті. Егер әлемдік деңгеймен салыстыратын болсақ, инновациялық белсенді кәсіпорындардың салыстырмалы салмағы әлі де төменгі деңгейде. Дамыған елдерде инновациялық саясаттың бірнеше дүркін апробациялау нәтижесіндегі үлгілері жасалған: зерттемелік университеттер – бизнес-инкубаторлар – технопарктер – инновациялық студенттік бизнес – венчурлық қорлар – шағын инновациялық кәсіпорындар – жаңа экономика. Венчурлық компаниялар мен даму институттары үнемі мониторинг жасау және ерекше жобаларды таңдау, болашақта қаржылық қолдау көрсетіп отырған. Нәтижесінде жаңа экономиканың қабырғасы болып табылатын шағын инновациялық кәсіпорындар құрылады. Әсіресе олар заманауи технологияларды енгізеді, экономикада прогрессивті құрылымдық өзгерістермен сүйемелденіп, өндірісті жаңартуға түрткі болады.

Қорытындылай келе, инновациялық инфрақұрылым ғылыми жұмыстар мен нарықтың, мемлекет пен бизнестің нәтижелері арасында өзінше бір дәнекер екенін айтқым келеді. Қолдауды ұйымдастыру қызметінде, ең алдымен, орташа ірі бизнес өкілдері мен даму институттарының инновациялық жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндігі бар механизмдерді қолдануға бейімделу қажет деп есептеймін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Исабеков Б.Н., Мұхамбетова Л.Қ. Инновация және кәсіпкерлік. Оқулық. – Астана, 2017. 77-91 б.
2. van Stel, A., Storey, D. J., & Thurik, A. R. (2007). Жаңа туындайтын және жас бизнес кәсіпкерлікке кәсіпкерлік регламенттердің әсері. Шағын бизнес экономикасы, 28, 171–186. Кәсіпкерлік қызметтің қарқыны мен түрі бойынша ел деңгейіндегі институционалды шараларды зерттеу. Business Venturing журналы, 28 (1), 176–193б.
3. Woolley, J. L., & Rottner, R. M. (2008). Инновациялық саясат және кәсіпкерлік теориясы мен практикасы, 32 (5), 791–811 б.